**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ҚОСТАНАЙ ДАРЫНЫ» ӨҢІРЛІК ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» КММ**

# МҰҒАЛІМНІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

ИНТЕРАКТИВТІ ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАР МЕН ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН СЕРВИСТЕР



ҚОСТАНАЙ Қ., 2020

## Kahoot

Бұл жаңа білімдерді меңгеруге арналған үйлесімді ойын платформасы. Мұғалім kahoot.com сайтында онлайн-сауалнама жүргізеді, білім алушылар жеке кодты пайдалана отырып қатысады. Ойындар меңгерілмеген материалды анықтауға ғана емес, сонымен бірге рейтингтік бәсекелестік оқыту ортасын құруға мүмкіндік береді. Бұл ресурс сабақта барлық оқушыларды бағалау процесіне қатыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылады. Оқушы кез келген ыңғайлы уақытта тестілеуден, сауалнамадан өте алады.




## Google Classroom сұрақтар құралы

https://classroom.google.com сайтында сауалнама жүргізу және оқушылармен бөлісу, сабаққа қосымша материал ұсыну мүмкіндігі бар. Сіз парақшаны бірлесіп көру мен қатысу үшін аша аласыз немесе жауаптарды тек мұғалім ғана көретіндей етіп келтіре аласыз. Оқушылардың материалды түсінгенін тексеру үшін тиімді.

## Goformative

https://goformative.com/ сайтында оқушыларды формативтік және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар базасын құру мүмкіндігі бар, осы ретте Сізге жауаптар нұсқаларының сан алуан түрлері: эссе, жауаптардың бірнеше нұсқаларын таңдау, дұрыс/дұрыс емес, қысқаша жазбаша жауап және басқалары ұсынылатын болады.



## Quizlet

Оқыту модульдерін құруға арналған платформа оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, терминдерді зерделеу үшін белсенді пайдаланылады. quizlet.com платформасының мүмкіндіктері материалды оқу және бекітуге арналған құралдардың кең таңдауын ұсынады, пайдаланушы материалды жазу, тыңдалым, тестілеу, ойын тәсілдері арқылы бекітеді. Бұл ресурс сабақтың барлық кезеңдерінде пайдаланылады.




## Quizizz

Осындай цифрлық ресурстар оқушылардың материалды викториналар және қатысушының рейтингі арқылы оқуға ынталандырады. Мұғалім тестік викториналарды бөлімдер, тақырыптар бойынша құрастырады, оқушылар сабақ кезінде немесе сабақтан тыс уақытта материалды оқиды және викторинаға қатысады.



## Quizalize

Сауалнама элементтері мен қосымша ақпаратқа арналған бөлімі бар қосымша. Дұрыс жауап бермеген оқушы осы сұрақ жөніндегі ақпаратпен таныса алады.







## Инфографика

Canva,easel.ly,infogr.am,piktochart,venngage – инфографика элементтерін құруға арналған бағдарламалар. Инфографиканың ерекшелігі – ашық түсті дизайн, ақпараттың ықшамдығы мен қолжетімділігі. Бұл ресурстар биологиялық, географиялық процестерді, салыстырмалы және талдамалы деректерді қол жетімді түрде көрсетеді.



## Learningapps

learningapps.org – интерактивті модульдер көмегімен оқытуға арналған бірегей платформа. Құралдардың кең таңдауы: классификация, хронологиялық кесте, суреттерді сұрыптау, викториналар, пазлдар, аудио-бейне контент, сөзжұмбақ, карталармен жұмыс және басқалары сабаққа әртүрлілік пен креативтілікті қосады.




## Plickers

Оқушылардың жауаптарын QRкод көмегімен жылдам бағалауға арналған қосымша. Мұғалім сұрау арқылы (телефон арқылы мүмкін), әр оқушының коды бар картасын басып шығарады және телефон арқылы мұғалім қатысушылардың жауаптарын сканерлейді. Қосымшада нәтижелер әрбір оқушы бойынша көрсетіледі: орындау пайызы, қателер, бұдан басқа жеке талдау есебін танысу үшін басып шығаруға болады.




## Genial

Түрлі-түсті презентациялар, инфографика, портфолио, сабаққа материалдарды орналастыруға, бейне-фрагменттерді, географиялық карталарды құруға арналған көпфункционалды платформа.

https://app.genial.ly/ сайтында онлайн пайдалану үшін тегін функциялар қолжетімді, ал ресурстарды жүктеу ақылы.










## Nearpod.com

Ең танымал сервис Nearpod интерактивтік презентацияларды жасау үшін тестілік, бейне, аудио ресурстар үшін контентті ұсынады. Биология, физика, тарих пәндері бойынша презентациялары үшін 3D суреттер бар, математика үшін - модельдеу функциясы Сіздің интерактивті жиынтығыңызда қызықты және пайдалы ресурстар болады. Сонымен қатар, Nearpod сайтында оқушылардың белсенді қызметі үшін құралдардың кең таңдауы ұсынылған. Ойын әдістері, жауапты толықтыру, ара қатынасын белгілеу, викторина, эссе жазу, дауыс беру, жіберілген деректерді енгізу, карталар. Орындау үшін оқушыларға компьютерлер немесе телефон қажет.Оқушылардың жауаптарын мұғалім қадағалайды және олардың ең үздіктерін сыныпқа таныстыру үшін атап өтуге болады.












## Poll

polleverywhere.com конструкторында бағалау үшін тапсырмалардың 30-дан астам түрі бар. Оларды орындау үшін оқушыларға компьютерлер немесе телефон қажет. Мұғалімнің әр оқушы жауаптарын қадағалауға мүмкіндігі бар. Кері байланыс, рефлексия функциялары сабақты интерактивті презентациямен ерекше өткізуге мүмкіндік береді.






## GoConqr

GoConqr сондай-ақ, алдыңғы веб-сервистер сияқты интерактивті презентация функцияларын қамтиды, карточкалардың көмегімен материалды зерделеуді, менталдық карталарды жасауды, көптеген құралдармен викториналарды, ақпаратты синтездеуге арналған блок-схемаларды қамтиды, сондай-ақ осы платформада тақырыпты бөлімдерге бөле отырып, материалды қосу арқылы авторлық курс құруға болады.




## ClassDojo

Оқушылардың портфолиосын жүргізуге, әр оқушымен кері байланыс, ата-аналармен виртуалды қарым-қатынас жасауға арналған танымал сервис. Мультипликациялық интерфейс бастауыш сынып және орта буын оқушылары үшін қызықты болады. Баллдық жүйе оқушының үлгеріміне рейтингтік бағалау, сабақтарға қатыспауын есептеуге мүмкіндік береді. Әр сабаққа қажетті құралдар: таймер, топтарға бөлу, сөз сөйлеушілердің кездейсоқ тәртібі қосымшаны өзекті және өнімді етеді. «Сынып күнделігі» бөлімінде зерделеуге және сабаққа дайындалу үшін  ақпараттық басылымдар, фото, бейне материалдар, құжаттар қойылады.







## Mentimeter

Интерактивті презентациялардың онлайн-конструкторы, сауалнамалар, викториналар mentimeter.com сайтында орналасқан. Kahoot қосымшасы арқылы оқушы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау үшін телефонды пайдалана алады.















## Floopedu

Оқушыларды бағалауға арналған Floopedu.com қосымшасы тапсырмаларды жүктеуге, орындау мерзімдерін белгілеуге мүмкіндік береді. Орындалған тапсырмаларды оқушылар электрондық фотосуреттер түрінде де, баспа мәтін түрінде де ұсына алады.

